

Мұнай мен көмірге ренталық төлемдердің ставкасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 тамыз 1992 ж. N 672

"Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы" және "Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылғы 1 маусымнан бастап екі еселенген орташа салалық рентабельділікті асырған жағдайда "Маңғышлақмұнай" өндірістік бірлестігі өндіретін мұнайға ренталық төлем ставкасы бір тоннадан 765 сом, "Теңізмұнайгаз" өндірістік бірлестігі өндіретін мұнайға - тоннасынан 140 сом, "Қаражанбастерммұнай" өндірістік бірлестігі өндіретін мұнайға - тоннасынан 755 сом, "Оңтүстікқазмұнайгаз" өндірістік бірлестігі өндіретін мұнайға - тоннасынан 430 сом мөлшерінде белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің 1992.09.30. N 905 қаулысымен.

2. "Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігіне Қарағанда "Екібастұзкөмір" өндірістік бірлестігінде айрықша қолайлы кен-геологиялық жағдайына орай сараланған таза табыс құралып отыр.

Осыған байланысты 1992 жылғы 1 маусымнан бастап "Екібастұзкөмір" өндірістік бірлестігі өндіретін көмірге тіркелген (ренталық) төлем ставкасы бір тоннадан 115 сом мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі